

Арыс қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2017 жылғы 24 наурыздағы № 11/78-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 сәуірде № 4027 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2018 жылғы 19 қыркүйектегі № 26/189-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 19.09.2018 № 26/189-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арыс қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Арыс қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық
мәслихат хатшысы*

М.Мырзаев

А.Байтанаев

Арыс қалалық мәслихатының
2017 жылғы 24 наурыздағы
№ 11/78-VI шешіміне қосымша

Арыс қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы № 25/158-IV " Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-84 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 26 желтоқсандағы "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған);

2. Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 28/182-IV " Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы қарашадағы № 25/158-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-87 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 27 ақпандағы "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған);

3. Арыс қалалық мәслихатының 2012 жылғы 13 маусымдағы № 4/31-V "Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы қарашадағы № 25/158-IV "Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-133 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 21 шілдедегі "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған);

4. Арыс қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 36/213-V " Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы қарашадағы № 25/158-IV "Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2963 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 7 ақпандағы "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған).